

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысына өзгерістер мен тоқтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 499 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 765 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.09.2015 № 765 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 51-құжат ) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесінде:

м ә т і н д е :

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Жарлығына", " Жарлық", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заңына ", "Заң", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"республикалық бюджеттен" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ алынып тасталсын;

5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) азаматтарды тіркеу кітабы.";

6 - т а р м а қ т а :

7) тармақшада "адамның" деген сөздің алдынан "(қайтыс болған)" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"фабрика-зауыт училищелерінде оқыған фактісін растайтын анықтамалар";

12) тармақшада "мүгедектік тобын" деген сөздер "мүгедектікті" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

14) тармақшада "отбасының құрамы туралы анықтамалар" деген сөздер " азаматтарды тіркеу кітабы" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 19-1, 19-2, 19-3-тармақтармен толықтырылсын:

"19-1. Арнайы комиссиялар жұмыс стажын белгілеуді өтініш берушіні бір кәсіпорында, ұйымда, мекемеде, ұжымшарда бірге істеген жұмысы бойынша білетін және оған қатысты өтініш берушінің жұмысын растайтын уақыт ішінде өзінің жұмысы туралы құжаттары, оның ішінде егер зейнетақы ісіндегі деректер бойынша еңбек стажы куәгердің айғақтары бойынша зейнетақы тағайындалғанда ескерілсе, куәгерлердің өздерінің жауаптарының хаттамалары бар, бір куәгер айғағының негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

19-2. Арнайы комиссиялар куәгерлерді жеке айғақтар үшін шақыру немесе куәгерлердің қолының түпнұсқа екендігі нотариалды тәртіппен куәландырылған кезде олардың жазбаша айғақтарын караумен шектелу туралы мәселені өз қалауы б о й ы н ш а ш е ш е д і .

19-3. Өтініш берушіде жұмыс фактісі туралы құжаттар сақталмаған, сондай-ақ өтініш берушінің 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырдағы жұмысын растайтын куәгерлерді ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайларда жұмыс фактісін арнайы комиссия Ардагерлер кеңестерінің қолдаухаттары негізінде белгілейді.

Қолдаухатқа мұрағат органдарының, ұйымдардың мұрағаттардың жоқтығы туралы анықтамалары коса беріледі.";

Е р е ж е г е 9 - қ о с ы м ш а д а :

"жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органының" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

Ережеге 10-қосымшада тақырыптағы "(жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органының)" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*